



Шамшиев Ақыбай

1900 жылы қостанай облысы Аманкелді ауданы Нарөлген деген жерде Мойылды өзені бойында дүниеге келген. 1941 жылы әскер қатарына шақырылып, Челябині облысының Миасс қаласында әскери дайындықтан өткен. 1942 жылы генерал-майор Ф.Толбухин басқарған 57- армияға жіберіледі. Сталинград майданында, Курск, Орел, Чехолавакия, Венгрия, Болгария қалаларын жаудан азат етуге, Украина, Белоруссия майдандарына қатысқан. Берлинге дейін барып, кейін Қиыр Шығысқа жібереді. Соғыстағы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен, Құрмет грамоталармен, бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған.Елге келген соң Амантоғай, Степняк ауылдарында молда болған. Қой, жылқы фермаларын басқарып, 1960 жылы зейнеткерлікке шыққан. 1979 жылы қайтыс болған.



Аруағына бас немін

Атам Шәмшиев Ақыбай 1900 жылы Қостанай облысы, Аманкелді ауданына қарасты Нарөлген деген жерде, Мойылды бойында дүниеге келген. 1941 жылы армияға шақырылып, Челябинь облысының Миасс қаласында дайындықтан өткен. 1942 жылы генерал-майор Ф. Толбухин басқарған 57-ші армияға жіберіледі. Сонда Сталинград түбіндегі шайқаста болып, қаланы неміс-фашистерінен босатып, Курск және Орёл қалаларын жау қолынан азат етуге қатысады. Одан кейін Украина мен Белоруссия майдандарына қатысқан.

Атамның есінде қалғаны Украинаның астағаса Киев қаласындағы қанды соғыс. Кейін, 1976 жылы немересі Батырбек пен келіні Ермек атаны Киев қаласында ертіп барып, соғысқан жерлерін көрсеткен. Атам өзге майдандас-жауынгерлермен бірге Болгария, Венгрия, Чехословакия жерлерін жаудан босатып, Берлинге дейін барған. Берлинші алғанның кейін атамды Қымр Шығасыққа жіберіп, Жапонияның Квантуан армиясын жеңіп, Оңтүстік Сахалин, Курил аралдарын босатуға қатысады. Осы аталған қалаларды азат етуге қатысқаны үшін бірнеше медальдармен наградталған.

Менің атам еліне сыйлы азамат болды. Құранды жетік меңгеруінің арқасында 1970 жылдары Степняк, Амантоғай бойында молда болды. Көзі ашық, сауатты болғандықтан қой, жылқы фермаларын басқарып, 1960 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты. Соғыстан кейін ел ішінде абыройлы еңбек етіп, 1979 жылы 79

жасында дүниеден өтті. Өзінің туған елkesі Мойылдыда жерленді. Көзінің тірісінде туған-туыстарына қамқор болып, қанатының астына алып отырушы еді.

Атамның өзіне таяу інісі Хамза да соғысқа қатысқан. Хамза атамның балалары кішкентай кезінен шетіней берген екен. Үйде Шөкен әжем үлкен әжеміз екеуі қалған. Ол кезде баласы жоқ, жалғыз басты әйелдерді еңбек армиясына жібереді екен. Сонда он жастағы атамның үлкен ұлы Қуаныш Шәмшиев "Үлкен әжем жалғыз қалатын болды. Не істейміз?" деп атама хат жазған. Бұл хатты оқыған атамды "Екінші баламды Хамзаға бер. Фамилиясын Досмағалбетов деп жазыңдар" деп жауап берген екен. Ол кезде отағасының айтқаны заң. Елем осы баланы Хамза атамның атына жаздырып береді. Ол кісі қазір Степнякта. Жақында 80 жасқа толды. Өлі күнге дейін өзінің және артынан ерген бала-шағасының фамилиясын Досмағалбетов. Атам мен ағам соғыстан аман-сау оралып, Хамза атамнан Тұрғын, Қабі, Жайбыр, Сауде есімді балалары тараған.

Атам төрт ағайынды. Үлкен Смағұл, Хамза, Төлебай. Қазір бұл кісілер марқұм болып кетті. Атам көзінің тірісінде туыстарын бөле жармай қамқор болып отыратын. Бүгінде Степнякта үлкен қорым бар. Сол жерде атам және оның інілері, келіндері, туыстары, менің әжем де, апам да жатыр.

Тыныштық
АҚЫБАЕВА.

Әулиеқал селдосы.